

Қазақстан Президенті
Нұрсұлтан Назарбаев Ресей
Федерациясының Президенті
Владимир Путин мен Татарстан
Республикасының Президенті
Рустам Миннихановқа Қазанда
болған әуе апатына
байланысты көңіл айту
жеделхатын жолдады



ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛБАСЫ ЖЕДЕЛХАТ ЖОЛДАДЫ

Мемлекет басшысы жолаушылар ұшағының апатқа ұшырау салдарынан адамдардың қаза тапқаны туралы хабарды қайғыра отырып қабылдағанын атап өткен.
— Бұл қайғылы оқиға мені қатты күйзелтті, Ресей Федерациясы халқымен бірге ауыр қазаны шын ниетіммен бөлісемін, — делінген жеделхатта.
Сондай-ақ, Қазақстан Президенті Татарстан Республикасының Президенті Рустам Миннихановқа қайтыс болуына байланысты бөлек көңіл айту жеделхатын жолдады.
Жеделхаттарда Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы атынан және жеке өз атынан шын ниетпен көңіл айтып, қаза тапқандардың отбасыларына, туыстары мен жақындарына қайғыларына ортақтастығын білдірді.

Алдағы бес жылда елімізде қолданыс мерзімінен асып, уақыты жағынан ескірген көліктер саны 2,5 млн. данадан асып түсуі мүмкін. Бүгін Парламент Мәжілісіндегі Қазақстанның ДСҰ-ға кіру үдерістеріне арналған Үкімет сағатында Индустрия және жаңа технологиялар вице-министрі Альберт Рау осылай мәлімдеді.



ПАРЛАМЕНТ

КҮНІ ӨТКЕН КӨЛІКТЕР КӨБЕЙІП ТҮР

«Біз Қазақстанның автокөлік нарығы мен автомобиль парктөрінің жағдайына қатысты зерттеу жұмыстарын жүргізген болатынбыз. Осыған орай, Қазақстанда қазір 3,5 млн. машина қолданыста болса, соның 2 млн. данасының пайдалану мерзімі 17 жылдан жоғары. Ал енді 5 жылдан соң бұлардың қатары 2,5 млн. данаға артады. Бұл негізінен бір жылдары ескі көліктердің елімізге көптеп әкелуінен орын алған болатын. Алдағы уақытта бұл проблема орынды шешілмесе қордалана беруі ықтимал», — дейді вице-министр.
Оның айтуынша, қазір утилизация мәселесіне қатысты екі-үш түрлі жүйе төңірегінде әңгіме болып жатыр. «Мәселен, көлік иесі егер оның мүлкі техникалық байқаудан өтпесе, онда бұл толығымен жойылуы керек. Мұны бюджеттен қарастырамыз ба, әлде өзін-өзі реттейтін жүйе ретінде қарастырамыз ба, сол жағы әлі белгісіз», — деді А. Рау.

ДСҰ-НЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

ДСҰ-ға өткеннен кейін елімізде байланыс қызметі төмендеп, шетелдік банктер филиалдары көптеп ашыла бастайды. Бұл туралы бүгін Парламент Мәжілісіндегі Үкімет сағатында Экономикалық интеграция істері министрі Жанар Айтжанова мәлім етті.
«Қазақстанның ДСҰ-ға өткеннен кейінгі 2,5 жылдан соң, яғни өтпелі кезеңнен кейін қалааралық және халықаралық байланыс қызметін көрсететін телекоммуникациялық компаниялардағы шетел капиталы үлесінің 49 пайыз мөлшеріндегі шектеуі қолданылмайтын болады. Осылайша, бұл салаларда шетелдік телекоммуникациялық компаниялар тарапынан салынатын инвестицияларға жол ашылады. Сонымен бірге, «Қазақтелеком» компаниясындағы шетел капиталының мөлшері 49 пайыздан аспауы туралы шектеу ДСҰ-ға кіргеннен кейін де әрі қарай мемлекет тарапынан қолданыла беретін болады», — дейді министр.

БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

МӘЖІЛІС

Үстіміздегі жылғы 15 қарашада облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен балық зауыты мәселелеріне байланысты мәжіліс болып өтті. Мәжілісте облыстағы балық өңдеу кәсіпорындарының жағдайы туралы облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалану басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бауыржан Шәменов хабарлама жасады.
Оның айтуынша, облыста балық өңдеумен Арал балық өңдеу зауыты, «Арал сервистік дайындау орталығы» ЖШС, «Камбала балық» ЖШС, Қазалы ауданындағы «Бақыт» шаруа қожалығы және «Игілік» жеке кәсіпкерлігі айналысады. Балық өңдеу зауытының барлық қуаты 11 мың тоннаны құрайды. Қазіргі таңда өңдеуші кәсіпорындардағы өңделген балық көлемі жылына 6,5 мың тонна. Сонымен бірге кәсіпорындарда балық филесі, фарш, балық ұны, мұздатылған балық және басқа да өнімдер дайындалады. Өндірілген өнімдер халықаралық стандарттарға сай өңделеді. Осыған орай балық өнімдерін өндіру және қайта өңдеу көлемін ұлғайту бағытындағы шаралар жүзеге асырылып жатыр. Балықтың күндіз шабақтарын өндіру мақсатында Қамыстыбаста балық питомнигін салу мәселесі қаралуда.

Арал-Сырдария облысаралық балық шаруашылығы бассейндік инспекция жетекшісі Ғалымжан Орақбаев 2013 жылға арналған балық аулау квотасын игеру және балық ресурстарын қорғау шаралары туралы хабарлама жасады. Сонымен бірге мәжілісте балық шаруашылығында қолданылатын қайықтар мен басқа да техникалардың техникалық жағдайы туралы Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан аймақаралық көлік бақылауы инспекциясының Қызылорда облысы бойынша №2 филиалы басшысының міндетін атқарушы Әнуар Шонжанов хабарлар етті.

Мәжілісте Арал балық өңдеу зауытының атқарушы директоры Ақшабақ Батимова және балық консорциумының төрағасы Әділбек Әйімбетов балық шаруашылығы қолдауды қажетсінетінін айтты. Олар өз сөздерінде облыстың су ресурстары балық өнімін ұлғайтып, оның өңделуін өсіруге жеткілікті екенін атап көрсетті.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев мәжілісте қаралған мәселелерді жүзеге асыру бойынша тиісті шаралар қабылдау қажеттігін тапсырды. Облыс басшысы халықаралық деңгейдегі балық өңдеуші кәсіпорындарды құра отырып, балықты заңсыз аулаудың жолын кесу қажеттігіне назар аударды. Сонымен бірге облыс әкімі балық шаруашылығының өндірістік жабықтықтарын жанарту, балық питомнигінің құрылысын жүргізуге қатысты ұсыныс дайындау, осы шаруашылыққа қажетті басқа да мәселелерді шешу бойынша шаралар қабылдау қажеттігін баса айтты.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

БАҒДАРЛАМА БАЯНЫ

ДАРИЯНЫҢ АРҒЫ БЕТІ, БЕРГІ БЕТІ

ЖАҢА КӨПІРДІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Өздеріңізге мәлім, Теренөзек кенті тұсындағы Сырдария өзенінен өтетін көпір жоқтығы ондаған жылдар бойы аудан тұрғындарын өбiгeргe салып кeлгeн болатын. Осы бір түрiндегi шаруаға 2011 жылдың басынан бастап облыс әкiмiдiгi мен ел сенiмiн арқаалаған депутаттар қауымы бел шеше, бiлек түрe кiрiскен едi. Атап айтар болсақ, көпiр құрылысының жобасы әзiрленiп, оған сарптама жүргiзiлiп, мемлекеттiк құрылымдардан келiмдер алынды. Осыдан соң, жоғарыда айтқандай, Сыр аймағы тұрғындары көптен күткен шаруа оң шешiмiн тауып, көпiр құрылысына қажеттi қыруар қаржы республикалық бюджетке енгiзiледi. Саралап айтар болсақ, 2012 жылға 500 млн. теңге, 2013 жылға 1,0 млрд. теңге, ал 2014 жылға 761 млн. теңге қарастырылған. Қолданыстағы заңдарға сәйкес мұндай ауқымды жобаларға бөлiнетiн қаржының 90 пайызы республикалық бюджеттен қаралса, ал қалған 10 пайызы жергiлiктi бюджеттен бөлiнуi тиiс екен. Яғни, республикалық бюджеттен бөлiнетiнi 2 млрд. 261 млн. теңге болса, облыстық бюджеттен 255 млн. теңге бөлiнбек. Ал, көпiр құрылысы жобасының жалпы құны — 2,5 млрд. теңге. Бұл қаржылар жылма-жыл рес-



публикалық бюджеттен тоқтаусыз бөлініп те келеді.

2012 жылы, яғни, өткен жылы 500 млн. теңге бөлініп, ел-халықтың көптен күткен көпір құрылысы бастау алды. Ал биылғы жылға қаралған 1 млрд. теңге қаржыны біздің хабарымызша, мердігер компания толықтай игеріп болған көрінеді. Бір өкініштісі,

жақында республикалық телеарнадан осы көпір құрылысына қатысты сенімнен гөрі күдігі басымдау хабарды көріп, қайран қалдық. Шынында солай ма, жоқ, әлде?..

Әрине, көпір құрылысының басты шарты — қаржы. Қазіргі таңда көпір құрылысының басталғанына бір жарым жыл

уақыт өткен. Ал, алдағы 2014 жылы құрылыс жұмысы толықтай аяқталып, ел игілігіне берілмек. Демек, қаржы мәселесі қалай шешіліп жатыр, құрылыс жұмысы тоқтап қалмайды ма деген толғақты сұрақтар тұрғындарды мазалайтынына бек сенімдіміз. Осыған байланысты жоғарғы жақтан тұшымды хабар келіп жеткен.

Жоғарыда айтқандай, биылғы қаржы толықтай игерілген. Содан да жергілікті билік органдары көпір құрылысы тоқтамасын деген ниетте 2014 жылға қаралған қаржыны осы жылға ауыстыру жөнінде ұсыныстар жасауда. Біздің сұрап білгеніміз, бюджеттік бағдарлама өкімшісі — ҚР Көлік және коммуникация министрлігі облыс өкімдігінің ұсынысын республикалық бюджет комиссиясының қарауына ұсынған. 2013 жылға арналған республикалық бюджетті нақтылау жөніндегі заң жобасы комиссия тарапынан қаралып, оң шешімін тауып, Парламентке жолданған бұл ұсыныс оң шешімін табар деген ойдамыз. Әрине, олай болмағанның өзінде алдағы жылдың басында 2014 жылға қаралған қаржы толықтай бөлінетін болады. Демек, көпір құрылысы жалғасады.

Токсан ауыз сөздің тобықтай түйіні сол, көпір құрылысына қажетті қаржыға қатысты ешқандай түйткілді мәселе жоқ. Көпір құрылысы тоқтаусыз жүргізіліп жатыр. Алла жазса, алдағы жылы құрылыс жұмысы толықтай аяқталып, тұрғындардың игілігіне берілетініне сенімдіміз.

Еркін ӘБІЛ.
Сырдария ауданы.

ҮЗДІК СПОРТШЫЛАРҒА ПӘТЕРДІҢ КІЛТІ БЕРІЛДІ

Өткен аптаның сенбісінде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев ауыр атлетикадан 2013 жылғы әлем біріншілігінің күміс жүлдегері Алмас Өтешов пен «Қайсар» футбол клубының шабуылшысы Жасұлан Молдақараевты қабылдады.

Сыр топырағында кіндігі кесілген сандақтар соңғы жылдарда әлемдік дүбірлі долларларда топ жарып, үйде отырып тақымын қысқан дүйім елдің көзайымына айналып келеді. Оны спорттың қай түрінен де табуға өбден болады. Әсіресе, оның ішінде ауыр атлетиканың жөні бөлек. Тау көтерсе де, ешбір қинала қоймайтын талайға тұлғалы таланттарымыз — Илья Ильин секілді алыпты өмірге алып келген өлке әлі де талай таланттың томағасын сыпыратын түрі бар. Үстіміздегі жылы Польшаның Вроцлав қаласында өткен ауыр атлетикадан әлем біріншілігінде күміс медальмен күптелген Алмас Өтешов қарадомалақ қазақ баласының арасынан осындай биікке шыққан шымыр спортшымыз саналады. Ильяның қатарына Алмастай өршіл өреннің қосылғанын барша жұрт қуанышпен әңгімеге арқау етеді. Бұдан бұрынғы әлем біріншіліктерінде үш мәрте чемпиондық тұғырға көтерілген Илья бұл жолы өзін жанаша қырынан танытуға күш салды. Өз өмірінде тұңғыш рет бапкерлік қызметтің дәм-тұтын татып көрді.

— Сыр елінің сандақтары әлемдік ареналарда талайға табыстағара кенеліп келеді, — делі облыс әкімі өңімісін одан әрі өрбітіп. — Бұл үрдіске айналды. Олар тек Қызылорданың ғана емес, тәуелсіз

еліміздің абыройы мен атағын жалпақ жұртқа жайып отыр. Оны Елбасымыздың спорт саласына көрсетіп отырған қамқорлығының оң нәтижесі деп санаймыз. Сонымен қатар, түрлі себептермен биыл бірінші лигада доп тепкен «Қайсар» командасы да жан-күйер сенім ақтап, үздіктер қатарына қайта қосылды. Бұл орайда 34 ойында 28 мәрте қарсылас команда қақпасын дәл көздеген Жасұлан Молдақараевтың емебегін ерекшелеп айта кетсек, артық емес. Ендігі кезекте жігіттер Премьер-лигада жоғары деңгейде ойын көрсетеді деген сенімдіміз.

Облыста спорт саласының матери-алдық-техникалық базасын жақсарту бағытында оң нәтижеге қол жете бастады. Аймақтың барлық ауданында жасанды төсенімді жасыл алаңмен жабықталған стадиондар жергілікті жұрттың игілігіне айналды. Оған қоса, үстіміздегі жылы облыстың түкпір-түкпірінде шағын спорт алаңдары іске қосылды. Бұл ауылдағы ағайынның да салауатты өмір салтын ұстануына оң септігін тигізеді. Келер жылы облыс орталығында жабық манежі футбол алаңы салынады деп күтілуде. Оған бір мезгілде 3 мың адам кіре алады. Сондай-ақ, біздің еліміздің жарық жұлдызы — Илья Ильин атындағы ауыр атлетикадан орталық бой көтереді.



Келесі сөз кезегінде ауыр атлетикадан Олимпиада мен әлемнің бірнеше дүркін чемпионы Илья Ильин Польша еліндегі жарысқа спортшыларды дайындауға өзімен бірге Ержас Болтаев пен Тойшан Бектемиров сынды жігіттердің атсалысқанын атап өтті. Оның өзі негізінен менеджерлік қызмет атқарған. Ал Алмас сөз кезегінде өзіне қамқорлық көрсетіп, қолдау жасаған барлық азаматтарға ризашылығын білдірді.

Жүзесу барысында облыс басшысы Илья Ильинге «Алғыс хат» табыс етті. Сырдың данқын асырған Алмас Өтешов пен «Қайсардың» биыл 28 доп соққан үздік шабуылшысы Жасұлан Молдақараевқа пәтерлердің кілтін ұстатты.

Әділжан ҰМБЕТ.

ИГЕРІЛМЕГЕН ҚАРЖЫ СҰРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Өткен айда Елбасының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтіп, 9 айда атқарылған жұмыстар қорытындысы мен Индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асу барысы талқыланған болатын. Мемлекет басшысы бірқатар кемшіліктерді қатан сынға алып, Үкімет сынан нәтиже шығару үшін іс-қимыл жоспарын жасады. Осының негізінде облыста да іс-шаралар жоспары түзілді.

Сенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Елбасы тапсырмаларының орындалуы, бюджет қаржысын игеру мәселесі талқыланды. Алдымен аймақ басшысы кадрлық өзгерістермен таныстырды.

Облыстық экономика және бюджетті жоспарлау басқармасының басшысы Сәуле Құлымбетова аймақта бекітілген кеңейтілген іс-шаралардың орындалу барысы туралы хабарлама жасады. Қазіргі таңда бюджеттік бағдарлама өкімшілері тарапынан тиісті жұмыстар жүргізілуде. Өңірлік даму министрлігіне жергілікті жерде жұмысты оңтайландыруға бағытталған бірнеше ұсыныстар берілді. Өндірісті қалдрлармен қамтамасыз ету мақсатында аймақтағы ірі кәсіпорындар мен кәсіптік білім беру мекемелері арасында дуалды технологиямен мамандар даярлаудағы өріптестік туралы меморандумға қол қойылды. Алдағы жылдары медицина кадрларының біліктілігін арттыру үшін жергілікті бюджеттен қаржы бөлінбек. «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламасы шеңберінде қатысушылардың нақты жұмыспен қамтылуын арттыру үшін барлық аудандарда еңбекке орналастыру кестесі жасалды. Аталған бағдарламаны халыққа түсіндіруде ақпараттық-насихаттық шаралар атқарылуда. Балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамту белсенді жүргізіліп жатыр. Бүгінде 3 пен 6 жас аралығындағы жеткіншектердің 81 пайызы балабақшаға барады. Құрылыс саласындағы заңнамадағы сақтау бойынша жұмыстар жолға қойылған.

2-бет

БАСПАСӨЗ -2014

БІР БЕТІ ЖАҢАЛЫҚ, БІР БЕТІ ДАНАЛЫҚ

Сол айтпақшы, газетті қойнына қысып, басына жастап өскен ұрпақ үшін оның беделі қашан да биік.

«Сыр бойы» біздің осы талғамымызды ортайтқан жоқ. Аймақтың ата басылымы Сыр елінің кешегі тарихы, бүгінгі бет-бейнесі есебінде де қымбат.

Менің де атымды екі жақтап елге танытқан еңбегім мен баспасөз екенін мақтанышымен айта аламын.

«Сыр бойы» барлық сала қызметкерлерінің қызметшісі болып келеді. Олардың ішінен әсіресе кәсіпкерлер үшін де оның берері көп. Керегімізді осы газеттен табамыз. Айтарымызды осы газет бетінен айтамыз.

Төл басылымымыз саяси-қоғамдық

мәселелермен, күнделікті жаналықтармен қатар, рухани құндылықтарға да өз бетінен орын таба білетін дәстүрінен айныған емес. Ел қорғаған батырлар, дана шешендер, өткен замана өрнектері қашаннан газет беттерінен үзілмей келеді.

Алдағы уақытта газетіміздің полиграфиялық сапасымен қоса, шығармашылық шырайы да арта түсері бек көміл.

Міне, тағы бір жазылым кезеңі басталды. Мен әріптестерімді сырласын да, қолдаушың да бола білетін «Сыр бойына» жазылады деп сенемін.

Сейтқали АЛШЫНБАЕВ,
«Нұрай» ЖШС директоры,
облыстық мәслихат депутаты.

Сыр бойы

газетіне 2014 жылдың
бірінші жартыжылдығына
жазылу жүріп жатыр



Басылымның алты айға жазылу бағасы: жекелер үшін — 2750, мекемелер үшін — 3750, редакциядан тікелей жаздырып алатындар үшін — 2500 теңге. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ филиалында жүргізіледі.

